

5 қараша,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

АУДАНДА «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІНІҢ КҮНІ ӨТКІЗІЛДІ

БИЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІНЕ 95 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ТАЛАЙ КЕЗЕҢДІ БАСТАН ӨТКЕРГЕН, СОҢАУ 1924 ЖЫЛЫ «КЕДЕЙ» ДЕГЕН АТТАН БАСТАУ АЛЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ, ЯҢНИ ЖАҢА ҒАСЫРҒА «АҚТӨБЕ» АТАУЫМЕН ЖЕТІП ОТЫРҒАН БАСЫЛЫМДА БІЗДІҢ АУДАННЫҢ ДА ҚАЛАМҒЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛТАҢБАСЫ ҚАЛДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ДА ТАЛАЙ-ТАЛАЙ ЖУРНАЛИСТ АҒАЛАРЫМЫЗ ӨҢІРДІҢ БАС ГАЗЕТІНДЕ ӨЗІНДІК ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ.



Осы орайда өткен аптада «Ауылым — алтын бесігім» бағдарламасы аясында Ойыл ауданының оқырмандарымен кездесу және мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауын насихаттау мақсатында ауданымызға 95 жылдық тарихы бар «Ақтөбе» газеті делегациясы арнайы келді. Өңірдің шежіресіне айналған айтулы газеттің 95 жылдық мерейтойына орай аудан орталығында мәдени көпшілік шаралар мен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді. Толығырақ тарқатсақ, алдымен аудан өкімдігі ғимаратының алдына қарағай көшеттерін отырғызған облыстық баспасөз қызметкерлерімен бірге жұбайы Қаракөз Қосаева және Динмуханбет Бердибаев та өке рухына тағзым етіп, ауданның қажетті арасында орналасқан Байсалбай Жолмырзаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Осы орайда сөз алған аудан өкімі Асқар Қазыбаев Ойыл селосының ортасынан ескерткішті орнатылуына және «Туған жерге тағзым» акциясы аясында өке атындағы көшені көркейтуге қосқан үлесі үшін Динмуханбет Бердибаевқа алғысын білдірді. Сондай-ақ, айтулы баспасөздің бір топ қаламгерлері сауда-саттығы қызыған «Көкжар» жәрмеңкесіне куд болды. Ойылдың брэндіне айналған құрт майдан сатып алды. Билік пен бұқараның арасына алтын көпір салып, ел мен ертеңгі күн үшін ынтымақтастық жолында қалам тербеп жүрген жандар Ойыл жұртшылығымен жайдарлы амандасып,

ашық өңгімелесті. Одан кейін «Ақтөбе» газеті ұжымы аудандық мәдениет үйінде қалың оқырмандармен қауышты. Облыстық «Ақтөбе» газетінің 95 жылдығы мен Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармонияның 75 жылдығы күрметіне арналған оқырмандармен кездесу кешінің шымалдылығы «Ақтөбе» газетіне — 95 жыл бейнефильмімен ашылды. Мұндағы шара аудан тарихында аттары мөшпүр артына өшпестей із қалдырған тау тұлғалардың атындағы сыйлықтар мен облыстық газеттің тұрақты оқырмандарын марапаттау рәсімімен жалғасты. Тарқатып айтсақ, 1943 жылы — өр гектардан 201 центнер өнім жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткізген, атақты тарышы Шығанақ Берсиев атындағы сыйлық «Жақып» шаруа қожалығының төрағасы Жұмабай Жақыпқа табысталса, Медицина ғылымының докторы, КСРО Медицина ғылымдары академиясының академигі, Қазақстанның және Қарақалпақ АКСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, медицина ғылымы саласында қазақтан шыққан тұңғыш профессор, Денсаулық сақтау министрі қызметін екі рет атқарған Ишанбай Қарақұлов атындағы сыйлық Ойыл аудандық емхана меңгерушісі, дөрігер-эндокринолог Күланда Досоваға берілді. Сондай-ақ, Ойыл ауданын ұзақ жыл басқарған, шебер ұйымдастырушы, «Қазақстан кәсіптік-техникалық саласының үздігі», елдің

қадірлі азаматы Ғазиз Займолаұлына республикалық ардагерлер қауымдастығы атынан «Сауап» медалі тапсырылды. Қоғам қайраткері, Экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ойыл аудандық



партия комитетінің бірінші хатшысы, Үш рет Еңбек Қызыл ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Байсалбай Жолмырзаев атындағы сыйлықпен Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің сектор меңгерушісі Қайнар Ұлықпанов марапатталса, Сынықсы

Сұлөймен әулие атындағы сыйлық Саралжын ауылдық округінің тұрғыны, халық еміші Жұмабай Дайрабаевқа табыс етілді. Өрі қарай Ғазиза Жұбанова атындағы облыстық филармония өнерпаздары мен аудан өнерпаздары тарту еткен әсем өнмен өрленген шарада «Белсенді жазылушы» номинациясы аңбаев ардагері Шейзада Қлипанова аңбаевқа берілсе, «Жанашыр оқырман» номинациясы еңбек ардагері Исағали Тәжібаевқа табысталды. Сондай-ақ «Жас тілші» номинациясымен «Ойыл» газетінде салмақты ойларымен мақала жазып жүрген Саға мектеп бала-бақшасының 11 сынып оқушысы Адина Тимурқызы марапатталды. Сонымен бірге Ойыл қазақ орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі Ақмарал Бижанова, Шербану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі Манира Сармұханова, Жақия Жүсібалиев атындағы ойыл қазақ орта мектебінің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Жұмағұл Рамазанова, Ойыл аудандық орталық ауруханасының ультра дыбыстық зерттеу кабинетінің дәрігері Жаннат Базарбаевалар «Ақтөбе» газетінің арнаулы сыйлықтарына ие болды. Айта кетсек, аудандық Ойыл газетінің бұрынғы тілшісі, қазіргі таңда облыстық газетте қызмет етіп жатқан Самат Нәреғөевке «Қазақстан Журналистер Одағының» төс белгісі тағылып, мүшелік билеті берілді. Марапаттау рәсімінің соңында «Ақтөбе Медиа» ЖШС директоры

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҰСЫНҒАН МҮМКІНДІГІ КӨП

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЕЛ ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ЖОЛДАУЫ ЕЛІМІЗДІҢ ӨР АЗАМАТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА МОРАЛЬДЫҚ ӨРІ МАТЕРИАЛДЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ КӨЗДЕЙДІ.

Көп жылдық өтілі бар кәсіпкер ретінде Жолдау шағын бизнесті ұйымдастыру үшін үлкен мүмкіндік ашады деп айта аламын.

Ауыл тұрғыны ретінде Мемлекет басшысының «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыруды жалғастыру жөніндегі шешімін қолдаймын. Бағдарлама ауылды қолдауға бағытталған. Бұл бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесін біздің ауданының тұрғындары көре бастады. Ауданда Қаратал селосына қарай жол құрылысы жүргізілуде.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында азаматтардың қауіпсіздігіне үлкен назар аударылғаны қуантады. Өрбір қазақ-

стандық өзін қауіпсіздігін деп сезінуі керек. Бұл мәселе алдыңғы қатарлы мемлекеттерде бірінші кезекте тұрады.

Біз еліміздің нақты мақсаты мен нәтижелі ісі болғанын қалаймыз. Бүгінгі күні бәріміз еңбек етудің қажеттілігін түсінеміз. Ол үшін мемлекет тиісті үлкен мүмкіндіктерді ұсынуға. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасын толық қолдаймын. Мемлекет басшысының алдымызға қойған міндеті біздің мемлекеттің нақты өрі сапалы дамуын қамтамасыз ететініне сенімім мол.

Тілекбай Әміров,
«Идеят» шаруа қожалығының төрағасы.

«АҚТӨБЕ – АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында сыйбалас жемқорлыққа қарсы жүйелі күрес мәселесін қозғады. «Сыйбалас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек. Сондай-ақ, заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу салысында орын жоқ. Кінәсіздік презумпциясы қағидаты толық көлемде сақталуы тиіс», – деп Президент атап өткен еді.

Айталық, бірінші басшылардың жеке жауапкершілігін арттыру – бұл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың өл-ауақатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында ерекше назар аударған міндеттердің бірі.

Ендігі кезекте бұл міндет «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Яғни, мемлекеттік органдардың басшылары өздерінің қарамағындағы қызметкерлердің сыйбалас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және мемлекеттік қызмет саласындағы Әдеп кодексі нормаларын сақтауына ғана

емес, сонымен қатар, өздерінің кәсіби қызметінде заңдылық, ашықтық, қолжетімділік және жариялық қағидаттарын ұстануына, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдауына жауапты. сыйбалас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған жою, бизнес-үдерістерді оңтайландыру, бюрократиялық кедергілерді жою, қызмет алушылардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік органдарға келушілер үшін қолайлы жағдай жасау және мемлекеттік қызмет көрсету кезінде халықпен тікелей байланысты азайту үшін мейлінше шаралар қабылданып жатыр. Сыйбалас жемқорлық құндылықтар дағдарысы кезінде пайда болатынын, яғни, материалдық игіліктердің рухани игіліктерден асып түсуі арқылы қоғамдық санада көрініс табатынын ескере отырып, жоба қызметінде халықтың сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыс маңызды рөл атқарады. Осы бағытта халықтың санасында сыйбалас жемқорлықты қабылдамау және алдын алу тек үкілетті органдардың міндеті ғана емес, әрқайсымыздың азаматтық ұстанымымыз екенін түсіндіреміз. Пара, сыйлық беру, жеке мүдделерді қолдау арқылы заңды айналып өте отырып, жеке мәселелерді шешу ниетінен бас тартатын уақыт келді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
«Ақтөбе – адалдық алаңы» жобасының Ойыл ауданы бойынша жетекшісі.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДАМУДЫ ТЕЖЕЙДІ

Сыйбалас жемқорлық – өз іріше өлеуметтік мәселе. Қазақстанның да бүгінгі күні күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі заманғы өлемде сыйбалас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және өрдайым жетілдіру үстінде. Сыйбалас жемқорлық қоғамға тек қана зиянын тигізіп қоймай, оң нәтижеге жеткізбейтіні анық. Сыйбалас жемқорлықпен айналысу жеке тұлға емес, оның айналасындағылардың сана-сезіміне зиянын тигізеді, дүниетанымын бұзады.

Қазақстанда сыйбалас жемқорлыққа қарсы бағытталған мемлекеттің сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрекетін жетілдіру, жемқорлықтың туындауына жол бермеу арқылы қоғамды тартуда көптеген шаралар атқарылып жатыр.

Қоғам мен мемлекеттік тарапынан ерекше сенім білдіріп, адамгершілігі мен моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қойылған мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеттерінің бірі – сыйбалас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға

немесе оған жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу болып табылады. Сыйбалас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты.

Аудандық инспекция бойынша сыйбалас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізілуде. Инспекцияда сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарға сәйкес мамандардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында жалпы құқықтық оқыту сабақтары жүргізіледі. Жалпы насихат, құқықтық түсіндіру жұмыстары тоқтамалы.

Инспекцияның жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және сыйбалас жемқорлыққа қарсы кез-келген қарым қатынасқа жол бермеу болып табылады.

Ермек МЕКЕЕВ,
Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының
Ветеринариялық-санитариялық инспекторы.



АҚТӨБЕ ГАЗЕТІНЕ 95 ЖЫЛ
Жүректен ақтарылсын нақты өлеңім.
Ақтөбем алтын шаһар бақ көремің.
Бір ғасырға таяулау тарихы бар,
Баспасы биіктей бер Ақтөбенің.

Естілсе есейін бір шап дегенің,
Сыналар осындайда бап дегенің.
Шабыт соқса шығады шалқып өлең,
Тек ырыс тіпшіліктен тапты өреңің.

Алғысын өлеуметтің ап келемін,
Ойыл деген ордасы тап көненің.
Кешегі Шернияздардың
сынығындай,
Кемейді кернеп келіп ақты өлеңім.

Тыңдасаңыз тіл қатар от ұлдарың,
Келемін өлең-сөздің тоқып нөрің.
Ақтөбе мен Ойылдың баспа сөзін,
Жасашы жиі оқитын оқырманым.
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Құрал Тоқмырзин атындағы
сыйлықтың иегері

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

Газетке жазылу - 2019

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2020 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2377,25
66525	Заңды тұлғаларға	4057,25
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	1897,25

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

29 қазан 2019 жыл Алматы қаласы

БАСПАСӨЗ БАЯНЫ «АЛТЫН ҚАЛАМ» 2019 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ЖАРИЯЛАДЫ

29 қараша күні Алматыда Ықылас атындағы музыкалық аспаптар мұражайында жеңімпаздардың есімі жарияланды. Жұлденің қысқа тізіміне Қазақстанның ер өңірінен және шетелден қатысып отырған авторлардың орыс және қазақ тілдерінде жазылған 30 шығармасы 6 аталым бойынша енгізілді. Жұмыстар 2019 жылы наурыздың 15-нен бастап қыркүйек айының 15-не дейін қабылданып, оқырмандар қазан айының 1 дейін дауыс берді.

Был ұйымдастыру комитетінің және қазылар алқасы құрамына Досым Сатпаев, Айдос Сарым, Арман Шораев, Нұржан Мұхамеджанова, Расул Жұмалы, Кенже Жұманұлы, Қуат Домбай, Бекнур Қысықов, Байғали Есенәлиев, Ділдігүл Нұрмаханбет, Татьяна Филиппчик және басқалар енді. «Алтын қалам 2019» әдеби жұлдесінің жеңімпаздарды марапаттау шарасы Алматы қаласындағы елімізге және шетелге кең танымал Ыхлас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде өтті.

Балалар жазушылары арналған «Дарабоз» байқауының бас жүлдесін және «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясы ұсынған бір млн теңгені балаларға арналған «ДАРАБОЗ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ Қарлығаш Сарыбаева жеңіп алды.

Бізді қолдағандар: "ZHERSU" инвестициялық-өндірістік корпорациясы, «Русское радио Азия», HALYK GROUP, Қазақстан баспасөз клубы, «КТК», «Алматы», «31 телеарна», «Меломан» сауда желісі, «Qamshy.kz» ақпарат агенттігі, «Massaget.kz» жастар порталы, «Айқын», «Жас алаш» басылымдары.

Байқауға жұмыстар наурыз айынан қыркүйек айының ортасына дейін қабылданып, оқырмандар галамтор арқылы қазан айына дейін дауыс берді. Быыл сайысқа Қазақстан, Ресей, Өзбекістан, Украина, Израиль, АҚШ, Молдова, Германияда тұратын 397 автордан 778 шығарма түсті. Олардың барлығы жұлденің www.akalam.kz ресми сайтына орналастырылды.

Оқырмандардың қолдауы және қазылардың таңдауымен ер аталым бойынша жеңімпаздар анықталды:

- «Жылдың ҮЗДІК ПОЭЗИЯСЫ» - Дәурен Тілеухан (Ақтөбе)
«Жылдың ҮЗДІК ПРОЗАСЫ» - Гүлнәр Ізтаева (Шымкент)
«Жылдың ҮЗДІК КИНОСЦЕНАРИЙ ЖӘНЕ ДРАМАТУРГИЯСЫ» - Қуаныш Жиенбай (Астана)
«Жылдың ҮЗДІК БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ӨДЕБИЕТИ «ДАРАБОЗ» - Қарлығаш Сарыбаева (Қарағанды)
«Жылдың ҮЗДІК САТИРАСЫ» - Амаңдық Сағынтайұлы (Атырау)
«Жылдың ҮЗДІК ФАНТАСТИКАСЫ ЖӘНЕ ДЕТЕКТИВІ» - Оралбек Бекболат (Кентау)
«ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГҮШІН» - Әбдіжәміл Нұрпейісов «ЛУЧШАЯ ПОЭЗИЯ ГОДА» - Ольга Кувшинникова (Усть-Каменогорск)
«ЛУЧШАЯ ПРОЗА ГОДА» - Қуаныш Жиенбай (Астана)
«ЛУЧШАЯ ДЕТСКАЯ И ПОДРОСТКОВАЯ ЛИТЕРАТУРА ГОДА «Дарабоз» - Ксения Евдокименко (Алматы)
«ЛУЧШАЯ САТИРА ГОДА ИМЕНИ ЕСЕНЖОЛА ДОМБАЙ» - Ерлан Кошкинбаев (Алматы)
«ЛУЧШАЯ ФАНТАСТИКА И ДЕТЕКТИВ ГОДА» - Альнура Курмангали (Алматы)
«ЛУЧШИЙ КИНОСЦЕНАРИЙ И ДРАМАТУРГИЯ ГОДА» - Ксения Евдокименко (Алматы)
КОНТАКТЫ ОРГАНИЗАЦИОННОГО КОМИТЕТА: adebiet2014@gmail.com, +77013366053



29 октября 2019 года г. Алматы

ПРЕСС-РЕЛИЗ «АЛТЫН КАЛАМ» ОБЪЯВИЛ ИТОГИ 2019 ГОДА

Конец октября по доброй традиции стал знаковым периодом для современных авторов не только Казахстана, но и стран ближнего и дальнего зарубежья. Вот уже 10 лет, организаторы литературного конкурса «Алтын қалам» подводят итоги года и награждают по восьми номинациям победителей, которые представили свои произведения на суд жюри конкурса и общественности на сайте www.akalam.kz.

С 2009 года, было проведено восемь литературных конкурсов и награждение победителей, в первую очередь, молодых казахстанских писателей в разных литературных жанрах на казахском и русском языках. Литературные произведения победителей издавались как в печатном виде, так и в аудиосборниках. Одной из главных целей литературной премии «Алтын қалам» была попытка изобразить Казахстан от статуса культурной провинции, которая, в основном, импортирует и потребляет чужую интеллектуальную продукцию.

В 2019 году на литературный конкурс «Алтын қалам 2019» поступило более 778 произведений от 397 авторов из разных городов Казахстана, России, Узбекистана, Украины, Израиль, США, Молдовы, Германии. В шорт-лист конкурса вошли по пять произведений в каждой из номинаций на казахском и русском языках.

- По результатам голосования победителями стали:
«Жылдың ҮЗДІК ПОЭЗИЯСЫ» - Дәурен Тілеухан (Ақтөбе)
«Жылдың ҮЗДІК ПРОЗАСЫ» - Гүлнәр Ізтаева (Шымкент)
«Жылдың ҮЗДІК КИНОСЦЕНАРИЙ ЖӘНЕ ДРАМАТУРГИЯСЫ» - Қуаныш Жиенбай (Астана)
«Жылдың ҮЗДІК БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ӨДЕБИЕТИ «ДАРАБОЗ» - Қарлығаш Сарыбаева (Қарағанды)
«Жылдың ҮЗДІК САТИРАСЫ» - Амаңдық Сағынтайұлы (Атырау)
«Жылдың ҮЗДІК ФАНТАСТИКАСЫ ЖӘНЕ ДЕТЕКТИВІ» - Оралбек Бекболат (Кентау)
«ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІНЕ ҚОСҚАН ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГҮШІН» - Әбдіжәміл Нұрпейісов «ЛУЧШАЯ ПОЭЗИЯ ГОДА» - Ольга Кувшинникова (Усть-Каменогорск)
«ЛУЧШАЯ ПРОЗА ГОДА» - Қуаныш Жиенбай (Астана)
«ЛУЧШАЯ ДЕТСКАЯ И ПОДРОСТКОВАЯ ЛИТЕРАТУРА ГОДА «Дарабоз» - Ксения Евдокименко (Алматы)
«ЛУЧШАЯ САТИРА ГОДА ИМЕНИ ЕСЕНЖОЛА ДОМБАЙ» - Ерлан Кошкинбаев (Алматы)
«ЛУЧШАЯ ФАНТАСТИКА И ДЕТЕКТИВ ГОДА» - Альнура Курмангали (Алматы)
«ЛУЧШИЙ КИНОСЦЕНАРИЙ И ДРАМАТУРГИЯ ГОДА» - Ксения Евдокименко (Алматы)

Отдельный денежный приз от партнера проекта ИПК "ZHERSU" в размере одного миллиона тенге получила Қарлығаш Сарыбаева в номинации «Лучшая детская и подростковая литература года «Дарабоз».

На первом этапе конкурса отбор претендентов проходил на веб-сайте www.akalam.kz. Номинировать произведения смогли все посетители веб-сайта. Онлайн-голосование на www.akalam.kz проходило до 1 октября. По истечении данного срока были определены по пять претендентов на победу в каждой из номинаций. Кандидаты определялись по наибольшему количеству голосов, полученных от читателей сайта. Затем экспертное жюри, состоящее из организаторов, партнеров, редакторов и издателей выбрало победителя в каждой из номинаций.

В состав организационного комитета и жюри в этом году вошли: Досым Сатпаев, Айдос Сарым, Арман Шораев, Нұржан Мұхамеджанова, Расул Жұмалы, Кенже Жұманұлы, Қуат Домбай, Бекнур Кисиков, Байғали Есенәлиев, Дилдагүл Нұрмаханбет, Татьяна Филиппчик и другие неравнодушные к судьбе литературы Казахстана граждане.

Церемония награждения литературного конкурса «Алтын қалам 2019» состоялась в Музее народных музыкальных инструментов имени Ыхласа при поддержке: Инвестиционно-промышленная корпорация "ZHERSU", «Русское радио Азия», Казахстанский Пресс Клуб, «КТК», «31 канал», торговая сеть «Меломан», газеты «Айқын», «Жас алаш», информационные порталы «Qamshy.kz», «Massaget.kz».

КОНТАКТЫ ОРГАНИЗАЦИОННОГО КОМИТЕТА: adebiet2014@gmail.com, +77013366053

ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУП ОЙЫЛ АУЫЛЫ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАЛАРЫНА ҮЗІНДІ

Ойыл ауылы № 7 30 қазан 2019 жыл

Күн тәртібінде қаралған мәселе: Еңбек «Қызыл Ту», I дәрежелі Ұлы Отан соғысы медальдарының иегері, Қазақстан Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен 2 рет марапатталған Серікбай Төлеубаевқа Ойыл ауылындағы атауыс көшеден атау беру туралы Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бірауыздан қолдап ШЕШІМ ЕТТІ:

- 1. Серікбай Төлеубаевтың атын Ойыл ауылындағы көше атауына беру ұсынылсын.
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына жіберілсін.

Ойыл ауылы № 8 30 қазан 2019 жыл

Күн тәртібінде қаралған мәселе: II дәрежелі Ұлы Отан соғысы медальының иегері, Қарабаев Қожас Бакиевичке Ойыл ауылындағы атауыс көшеден атау беру туралы Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бірауыздан қолдап ШЕШІМ ЕТТІ:

- 1. Қарабаев Қожас Бакиевичтің атын Ойыл ауылындағы көше атауына беру ұсынылсын.
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына жіберілсін.

Ойыл ауылы № 9 30 қазан 2019 жыл

Күн тәртібінде қаралған мәселе: Еңбектегі Ерлігі үшін медальының иегері, Ақжайдау Нугмановқа Ойыл ауылындағы атауыс көшеден атау беру туралы Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бірауыздан қолдап ШЕШІМ ЕТТІ:

- 1. Ақжайдау Нугмановтың атын Ойыл ауылындағы көше атауына беру ұсынылсын.
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына жіберілсін.
Жиналыс төрағасы: Қ.Ұлықпанов
Жиналыс хатшысы: С.Шохабаева


Біздің ең басты құндылығымыз — туған тіліміз!

Қазақ халқы ертеректен өзінің даналығымен, даралығымен, ақылдылығымен, өрегендігімен басқа ұлт- өкілдерінен ерекшеленіп келеді. Көз тартар ғажайып табиғаты, ешкімге ұқсамайтын салт-жоралғысы, қайталанбас ұлттық киімдері мен қонақжайлылығы, мәдениеті ерқашан алыс-жақын елдерді таңдай қақтырып жүргені баршамызға мәлім. Халқымыздың күнделікті тұрмыста қолданған киім-кешегінен бастап, мәдениетіміз, әдебиетіміз, тіпті, ырым-тыйымдарымыздың барлығы-ұлттық құндылықтарымыз болып табылады. «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс»-деп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының өзі бұның негізін салып кеткен ата-бабаларымыз болса, ізін одан әрі жалғастырушы-мына біз жастар екенін ерқашан айтып келеді. Осы тұста мен ардақты ата-бабаларымыздың бізге мұра ретінде қалдырып кеткен ұлттық құндылықтардың бірнешеуін азы-кемді тілге тиек етпекпін.

Халқымыз үшін ең маңызды құндылық, ерине, ұшы-қыры жоқ ұлан-байтақ жеріміз, көрсө көз сүйсінер табиғатымыз. Осы қасиетті мекенді қорғап қалу үшін біздің ата-бабаларымыз қаншама қан мен тер төккені баршамызға мәлім. Сонау атам заманғы Керек мен Жәнібектің «Қазақ Хандығын» құрғанынан бастап, бүгінгі «Тәуелсіз Қазақстанға» дейін тұнып жатқан тарих. Баһадүр батырларымыз денесінде қасық қаны қалғанша ақ білегінің күші, ақ найзасының ұшымен еліп, кімді қаны тамған жерін қалайша қызғыштай қорғады десеңші.

Ғұн патшасы Меде туралы аңыздың өзі неге татиды. Бір күні көрші елдің елшілері Медеге келіп, одан өзінің ең жақсы көретін жылқысын беруді сұрайды. Бұған ақсақалдар кеңесі қорланып, оларды жазалау үшін соғыс бастауды өтінеді. Алайда Меде: «Көрші отырған адамдардан бір ғана атты аяудың қажеті не?»-деп, өзінің сүйікті атын беруді бұйырады. Біраз уақыт өткеннен кейін елшілер қайта келіп, патшалықтағы ең сулу өйледі – Мөденің өйелін беруді талап етеді. Меде өйелін де беріп жібереді. Көршілері үшінші ретте шекараның біраз жерін бер талабын қояды. Ол мал жаюға қолайсыз және ешкім тұрмайтын, шағын гана бос жатқан жер еді. Ақсақалдар кеңесі бұндай қолайсыз бір тұтам жер үшін араздасудың қажеті жоқ ұсынып дер шешіп: «Беруге де, бермеуге де болады» десті. Ал Меде болса өз қаһарына мініп: «Жер дегеніміз – мемлекеттің негізі, оны қалай береміз?» - деп, ескерін жинап, оларды талқандап, көршілерінің аумағын өздеріне қосып алады. Дәл осы аңыз арқылы менің айтпағым, мейлі, келемі жағынан жер-жүзін толық қамтитын ұлан-ғайыр жер болсын, мейлі, ұлтарайта ғана бір елді-мекен болсын, аталарымыз осы киелі жерді жан ұшыра қызғыштай қорғады. Себебі олар елін, жерін қорғау – аса маңызды да абыройлы міндет екенін жақсы түсінді. Осындай арыстан жүректі қаһармандарымыздың арқасында Ұлы даланың қасиетті топырағында Әл-Фараби мен Абай, Шоқан мен Ыбырай, Өз-Төуке мен Абылай сынды көптеген ұлы тұлғалар дүниесіңін ашты.

Бабаларымыздың ата-қонысын қандауыз жаулардан азат еткенінің арқасында қазақ халқы ұлт болып қалыптасты. Сөйкесінше, мәдениетіміз пайда болды. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда еліміз көпелілердің салтына біртіндеп сіңседі. Ұлы дала көш-қазақ халқының рухани мұрасы. Жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу – халқымыздың табиғат пен адам арасындағы байланысын қатар, мал-жанды асырап бағу үшін де пайдаланылғанын біргана көрінісі. Кең байтақ далада емін-еркін көшіп жүрген көш үшін ең маңыздысы – жанға жайлы, малға қолайлы жерді іздеп табу. Олар жыл бойы көшкен уақыт аралығында белес-белес асуларды ойлап-ойлап жертердің қайда орналасқандарын анық біліп,



жұмбаққа толы табиғатқа көздері тоймай, шабыттары ашылып сезімдері мен жүректері тебіренген жыр шырқайды. Дәл осы көркемдігі жоғары өлеңдерінің арқасында адамның өзінің туған еліне деген аса бір құтты махаббат пайда болады.

Өткен тарихымызды қайта қарап, оның терең қойнауын ақтарып, түсіне білу – адамды отансүйгіштікке үйретеді. Мысалы, археологтардың тынбай ізденулерінің арқасында қазақтың кең-байтақ өлкесінен сан алуан мәдени ошақтары болғанын көреміз. Ежелгі адамдардың көздік жауын алатын неше түрлі зергерлік бұйымдары, «Аң стилінің» негізінде безендірілген қару-жарақтары талайларды тамсандырды. Жалпы, «Аң стилі»-ежелгі адамдардың жарқын көрінісі, болмысы мен рухани байлығы. Түрлі жыртықш аңдар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың ежелден тығыз байланыста болғанын дәлелдейді. Осы тұста Ескі қорғанынан табылған «Алтын Адамды» тілге тиек етпеу мен үшін үлкен сын. 1969 жылы алтынмен алталып, күміспен күптелген сақ ханзадасы талай тылсым құпияның бетін ашып, өлемдегі біраз елдерді таңдай қақтырып, олардың бізге қызыға да, қызғана да қарауына себепші болды. Бұл туралы елбасымыз өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты кезекті мақаласында: «Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, өлемдік ғылым үшін сенсация саналған жерлерді, «Аң стилінің» негізінде жергілікті қоныс аударушылардың шеберлікпен жасағандарын анық байқауға болады. Төрт мыңнан астам алтын мен бағалы тастардан жасалған зергерлік бұйымдар, сауыт-сайман, алтын жалатылған жебе сынды таңқалдырарлық өнер туындылары көптеп кездеседі. Бұл жауынгер халқымыздың мәдени өрі рухани жағынан тарихымыздың бай болғанының бірден-бір келімі. «Алтын Адам» тек құнды археологиялық олжа ғана емес, ата-бабаларымыздың жоғары мәдениетінің алтын тұғыры. Ұлттық мәдениетіміздің өсерінен халқымыздың өзіндік болмысы құралды. Тұтастай алғанда, қазақтардың болмысы – дүниетанымында, тәлім-тәрбиелік даналығында, сөз өнерінде, соның ішінде аңыз-өңгімелері мен қисса-дастандарда, ертегі, мақал-мәтелдерде жатыр. «Ел болам десең бесіңді түзе»,- демекші, ең алғаш бәлаларды отансүйгіштікке, патриотизме тәрбиелейтін, сөзсіз, аяулы анасы, асқар тау өкесі. Буыны қатып үлгермеген жас балаға өзінен жасы үлкен кісіні сыйлауды ерқашан құлағына құйып отырған. Сыйластықтың ең алғашқы белгісі-амаңдық-саулық сұрасу. «Сөлем-сөздің анасы» - деген мақалдан-ақ дана халқымыз жас ұрпаққа сөлемдесудің ерекше құрмет пен ілтипаттың белгісі екенін жақсы түсіндірген. Адамдар бір-бірімен алғаш кездескен-ақ болашақта олардың араларында

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде запастағы офицерлерді, сержант, сарбаздарды келісімшарт бойынша, әскери қызметке жинау жұмыстары жүргізілуде. Келісімшарт бойынша әскери қызметке үміткерлерге қойылатын талаптар: 19-35 жасқа дейінгі денсаулығы мықты, жоғары және арнаулы орта білімді, моральдық-психологиялық жағынан тұрақты, сотталмаған, дене дайындығы жоғары, әскери борышын өткерген болуы тиіс.

- Әскери қызметтің басымдықтары:
1. Лайықты айлық ақының уақыты төленуі.
2. Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету.
3. Тұрғын үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда - тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы (мөлшері отбасы мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты) төленеді.
4. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері әскери медициналық мекемелерде мемлекеттік есебінен медициналық қамтамасыз ету.

5. Жыл сайынғы негізгі демалысын уақытылы беру.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметіне (ҚР ҰҚК ШҚ) 19-27 аралығындағы жоғары білімі бойынша техникалық мамандары бар (байланыс, радио, телевидение, ИТ-ақпараттық технология, программист, автоматтандырылған басқару жүйесі, ақпаратты қорғау, механик, инженер, технолог, техник, техникалық басқару т.б.) запастағы офицерлер арасынан келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырамыз. Ниет білдірген үміткерлер Ақтөбе қаласы Т.Ахтанов көшесі № 56 мекен-жайында орналасқан ҚР ҰҚК ШҚ № 2030 әскери бөліміне хабарлассын.

Туындаған барлық сұрақтар бойынша Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жолғушыларыңызға болады. Байланыс тел: 2-19-22

А.ҚАРАСАЕВ, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері.

қандай қарым-қатынастың орнай-тытын жөн сұрасудан байқауға болады. Кездескенде бейтаныс адамның жүзінен шуақ шашып, жайдары көңілмен күлімсіреп сөлем беру немесе, керісінше, жүрдім-бардым бас ізеп өте шығу – сол адамның қандай отбасында тәрбие алғанының айқын көрінісі іспетті. Алайдан ат терлетіп келе жатқан құдайы қонақтың аяндаған дыбысын естіп, елендеген баладан еңкейген қартқа дейін сыйлап, төре тұрып төр берген, қожа тұрып қол берген жаны жайсаң қонақжай халқымыздың ыстық ілтипаты-ізгіліктің ең жоғарғы шыңы, дәстүріміздің ең биік тұғыры. Қазақ ең жақсы тамағын, сусынын қонақ келіп қалғанда ғана дастархан басына қойған, төуір көрпесін де соған төсеп, соған жайған. Негізінен, қонақжайлылық – қазақтың қанына ананың ақ сүтімен дарыған, қазақ ұлына ғана тең асыл қасиет. Меймандос халқымыздың бойындағы жомарттық пен кеңпейілдікті дәл осы дәстүрден айқын байқауға болады. Ұлтымыздың салт-дәстүрі бойынша үйге беттеп келе жатқан жолаушыны байқаған үй иесі бірден алдынан күтіп алуға шығып, шаңырағына жылы жүзімен ертіп кіргізіп, бар ықыласын құтты қонаққа арнаған. Сол заманнан қазіргі заманға дейін бұл үрдіс ұмыт қалған жоқ, ерине. Аузын ашса жүрегі көрінетін ақкөңіл халқымыз дастархан мәдениетіне де айрықша мән берген. Астың атасы нанды дастарханның ортасына қойып, қымыз-қымыранын, етін үстел үстіне қойған, сыйлы қонаққа қойдың басын берген. Дастархан үстінде тұрған ыдысқа да үлкен мән берген. Оларды өртүрлі ою-өрнектермен безендірілген. Адамдар ас ішіп отырғанда есек айтуға, біреуді балағаттауға немесе ұрысуға тыйым салынған. Өз басым, бұның барлығы ата-дәстүріміздің ізгіліктің қайнар көзіне айналуы деп білемін. Қонақты құдайындай құту өлі күнге дейін әр шаңырақтың парызы. Т.Молдағалиев өзінің бір шығармасында: «Қонақжайлылықтың мән-қара су болса да бар пейілімен беру», - деген екен. Себебі қонақты дұрыс күтпеген адамдарды ауыл тұрғындары да қатты сынайтын болған. Сараң адамдардың өздері қонақты босағанда тұрғызып қоймаған. «Қазақта кел демек бар да, кет демек жоқ», -сынды мақал осыған саяды. Бұған қоса: «Қонақ келсе – құт», «Қонақ келсе қой егіз табанды» деген мақалдар қазақтың ежелден бері қонақжай халық екендігін бірден-бір дәлелі.

Жасыратыны жоқ, салт-дәстүрлеріміздің кейбірі халық арасында кеңінен таралып жүргендерімен қоса ұмыт қалып бара жатқандары да бар. Әсіресе, жастар біле бермейтін дәстүрлеріміз жетерлік. Соның ішінде жарысқазан, ұрын келу, уануат, қыз қашар секілді дәстүрлеріміз ерқашан иі мақсатта қолданғанына қарамастан қазіргі таңда ел жадында сақталған жоқ. Менің ойымша, ескіден қалған дәстүр өзгеріске заман ағымына ұшырамастан қайта қолданысқа енуі қажет. Себебі халқы-

мыздың әрбір дәстүрі өзінің мән-мағынасымен, тәрбиелік мәнмен күнделі. Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», - деген сөздері еріксіз еске оралады. Біздің ұлттық ерекшелігіміздің бірі, өрі бірегейі – «Жеті қазынамыз». Қазақ қашанда жеті санын киелі тұтқан. «Жеті қазына», «Жеті ата», «Жеті шелек», «Жеті керемет» деп басталатын даналықтың алтын діңгегі өлебіетіміз бен мәдениетімізде жетерлік. Бұл «жеті» санының қасиеттілігін одан сайын айқындап көрсетеді. «

Көкірегі ояу, көзі ашық халықтың ғасырлар бойы құдіретті даналықты ой-толғамдарын таныта білген осы бір құндылықтың өзі де ұлтымыздың тамаша танымың бір биігі осы «Жеті қазына» болғандығын айғақтайды. Данышпан ата-бабаларымыздың «Жеті қазынасы» бүкіл адамзаттың ортақ кереметі деп білемін. Сонымен, біздің ең басты құндылығымыз – Туған тіліміз. Ана тілі біздің анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ең ерекше, ең керемет, ең мінсіз тіл. Ана тіліміздің қасиеттілігі, құндылығы соншалық, тіпті, оған өлемдегі барлық байлық-қазынаның құны оның шаңына да іспейді. Қазақ тілі - сөздік қорымен, сөздердің көрнектілігімен ерекшеленеді. Оған қоса, қазақ тілі-ежелден бергі таза қалпын тұтас сақтап келе жатқан өлемдегі бірден-бір тіл. Қазақтың ұлы ойшылы, философы, тарихшысы және де қазақ аңыз-әдебиеті үлгілерін жинаушы, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мына бір ауыз қанатты сөзі менің осыған дейінгі жоғарыда айтылған сөздерімің бос сөз емесітің дәлелдейді. Ол: «Өлемдегі ең қасиетті тіл-араб тілі, содан кейін түрік тілі, ал түрік тілінің ішіндегі гауһары-қазақ тілі» деген екен. Бұл қанатты сөздермен келіспейтін қазақ жоқ. Мағжан атамсы «Мен жастарға сенемін!» деп ұрандатып көтті емес пе? Ендеше, біз, бүгінгі жастар атамыздың қанатты сөздерін тасада қалдырмай, сенімің міндетті түрде айтқаймыз! Сондықтан да, өз ана тілімізді құрмет тұтайық, мақтанш етейік! Біздің ата-бабамыз осы күнге дейін қазақ тілін, біздің «ана тіліміздің» нақшын бұзбай, дәл сол қалпында бізге жеткізді. Біздің ендігі міндетіміз, азаматтық борышымыз, осы бізге қалдырған ардақты да асыл мұрамыздың ұлттық нақшын бұзбай, келешек ұрпаққа «ең құнды мирас» етіп қалдыру!

Біз асылдың ұрпағы ретінде ұлттық құндылықтарымызды сақтап, келешектің атар таңы етіп, келесі ұрпаққа аманат етуімізді көріміз. Соның ішінде тілімізді, дінімізді дәлілетіп, қасиетті жерімізді жүргізіліміз сенініп, тұмар кылып тағынамыз! Бір ұлы топырақтың өзін тұмар қылып тағыған ата-бабаларымыздың даналығы мен даралығын, тәрбиесін сақтай білуіміз керек!

Алтынай БАЙДУЛЛАЕВА.

АНА ТІЛІНІҢ АБЫЗ-АНАСЫ

Редакциядан: **ЖУЫРДА АЛМАТЫДАҒЫ ҒАЛЫМДАР ҮЙІНДЕ ҒЫЛЫМИ ЖҰРТШЫЛЫҚ КӨРНЕКТИ ҒАЛЫМ, ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНА ЕҢБЕГ СІҢГЕН ҚАЙРАТКЕР, ҰСТАЗ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖӘНЕ Ш.УӘЛІХАНОВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ, ҚР ҰҒА-НЫҢ АКАДЕМИГІ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР, БІЗДІҢ ЖЕРЛЕСІМІЗ РӘБИҒА СӘТІҒАЛИҚЫЗЫ СЫЗДЫҚТЫҢ 95 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН АТАП ӨТТІ. САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІС АНА ТІЛІМІЗДІҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫН САН ҚЫРЫНАН СӨЗ ЕТЕТІН ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҰЛАСТЫ. ҒАЛЫМНЫҢ МЕРЕЙЛІ ТОЙЫНА ТУҒАН ЖЕРІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП КЕЛДІ. АЛ, АПАМЫЗДЫҢ ӘРІПТЕС ІЗБАСАРЫ ӘЛ-ФАРАБИ АТ. ҚАЗҰУ ПРОФЕССОРЫ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ БАҒДАН МОМЫНОВАНЫҢ «АНА ТІЛІНІҢ АБЫЗ АНАСЫ» АТТЫ МАҚАЛАСЫН ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.**

Іргетасын ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы берік қалаған қазақ тілі білімі ғылымы бүгінде өзінше бір өлем. Оның көңілдегі ірілі-усақты жұлдыздар шоғыры әрқайсысы өзінің нұрлы сәулесімен көз қарықтырады. Олардың ісін жалғастырмақ болып бірі білім ордасында, енді бірі ғылым соңында жүрген кейінгі толқын осынау алқарақ аспандағы Темір-қазыққа қарап бойын түзеп, білім-білігін ескейі. Ұзақ-сонар ғылым көшінен қашанда түсіп қалмайтын қасиетті қара шаңырақтай ойып алар орны бар кітаптары, шыңыраудан шым-шымдап жеткен тұщы сұғай түшымды тұжырымдары хатқа түсіп, көпке жеткендіктен де олардың арам-ызда жоғы бізге абыздың аңызын-дай, ал орта толтырып жүргендері қол жетпес Хантөңіріндей көріне-тін... Біздің патша көңіліміз өз жүрек-қалауымызбен, ақ тілек-ниетімізбен сол алыптар шоғырының сарқыты, тұр-тұлғасы да, талант-талғамы да, таным-түсінігі де ерекше жаратыл-ған, қаламы ұшқыр, ғылымдағы адымы қарымды академик Рәбиға апай Ғалиқызы Сыздықованы алыс-тан көріп, көзіміз тоятын. «Рәбиғадай болу қайда-а-а?» деген талай заман-дастырының лебізін де, жастардың тамсанасын да аз естимедік. Жал-ғанның жазғанына мың шүкір, біз де осы бір ұлы соқпақты жолау түстік, тіл білімі тарландарының таңдамалысын талдап ғана қоймай, олармен тағдырлас, сапарлас болдық. Тау төбесі жақындаған сайын биіктей түседі. Шынында да, бүгінде ана тіліміздің Абыз-Анасына айналып отырған зерделі зерттеуші аттан түскен жоқ: жыл сайын жаңа бір еңбегін халқына ұсынады, тіл тірлігіне тынымсыз араласады, жиі-жиі тол-ғақты-толымды мақалалар жазды, радио-теледидардан сөйлейді, ең бастысы — тілді, тіл білімін тағ-дырым деп білген жас ғалымдар-ды іздеп тауып, баулиды, қанаттан-дырады. Өз сұлұлығына сөз сұлұ-лығы жарасқан, көкейдегі сара ойына айтары сай Рәбиға апамыз қалың қол шөкіртіне, кейінгі буын ізбасарларына ғылым жолындағы шамшырақ — академик-ғалым ғана емес, заманауи дүниедегі де эталон — академик-тұлға десек артық айтқанымыз емес...



Өмір жолын ұстаздықтан бастаған балғын зерттеуші бағыт-бағдарын өзгертіп, ғылым жолын таңдаған тұста түрленді тыңға, тереңге сал-ды: ұлы Абайдың тілін талдамақ

ғады, «Абай шығармаларының тілі» (Алматы, Ғылым, 1968), «Абай өлеңдерінің синтаксисі» (1970), «Абайдың сөз өрнегі» (1995) атты іргелі еңбектерін жарыққа шығарды. Абайтанушы тілші-ғалым ретінде зерттеуші мерзімді баспасөз бетінде ұлы ақынның шығармашылығына арнап оңдаған проблемалық мақала-лар жариялады. Ақынның ғасырлық тойы мерекеленген тұста «Абай» энциклопедиясын шығаруға атсалыс-ты. Осы жылы Рәбиға Ғалиқызының абайтануға қосқан еңбегі еленіп, оған Қазақстан Республикасының Мемле-кеттік сыйлығы берілді.

Қазіргі өскелең ғылымдағы жаңа бағыт, сөнді сөзге айналған «тілдік тұлға» мәселесін Рәбиға апай ақын-дан 40 жыл бұрын көтеріп, ұлы Абайдың тілдік тұлғасы осы ғылыми еңбектердегі талдаулар негізінде жан-жақты ашылған-ды.

Академик Р.Сыздықтың «бәрін мен тындырдым, мен істедім» дегенін көрген емеспіз. Кітаптан кітап туды-рып, басты-басты, өзекті-өзекті мәселелерді өзі айтса да, өкшесін басқан ізбасарларға Абай туралы айтылар сөз, жазылар ой ешқашан сарқылмайды деуден жалыққан емес. Салиқалы ғалымның пікірін айтады, ұлы ақынның шығарма-шылық құдіретіне ғашық көзбен айтады. ж...Суреткер тілін танудың бәз бармаған қырлары өлі де аз емес екенін айтамыз, ол қырлар (зерттеу аспектілері) жеке танымдық ізденіс-термен қатар, көркем тілдің жалпы теориялық мәселелеріне де қатысты болатынын жөне айтамыз. Бұл — алдағы шаруалар, бізден кейінгі зерттеушілердің, әсіресе жас талап-тардың қолына алатын игілікті ісі деп білеміз», — дейді.

Ғылыми еңбек қашанда ғылыми ортаға арналып, көбінше қасаңдау зерттеу тілімен жазылады. Нақты бір ғылым саласы бойынша аз таралы-мен шыққан кейбір еңбектерді өріп-тестері шам алып іздеп жүрсе, оны былайғы жұрт түсініп, бағалай бер-мейді. Ал Рәбиға апайдың кітап-тарының, ғылыми еңбектерінің тағ-дыр-талайы ерекше, олардың қай-қайсысын да қаншама таралыммен шықса да оқырман пышақ үстіндегі үлестіріп алады, маман филологтар-дың өзі оны көркем шығарма оқыған-дай құмарлана оқиды. Болашақта қазақ тіліндегі ғылыми кітаптардың таралым саны есептеліп, рейтингісі қойылса, сөз жоқ, алдыңғы лектен

отыр.

Қазақ әдеби тілі... Осы бір ұғымға анықтама беруден бастап, оның тарихи дәуірлері, негіз болған аймағы, ауқымы мен терең тамыры туралы қаншама айтыс-тартыс, дау-дамай-лар бастан өтті. Ауыздан ауызға жеткен мол мұра мен кейінірек қанат қаққан жазба әдебиеттің ара жігін ашып, арасына қытай қорғанын тұрғызбақшы болған ағаларымыз да болды. Осы тұста осы майданда жүрген ғалым апамыз біздіңше бірден-бір дұрыс жолды таңдады. Ол ешкіммен дауласып жатпады, бар мұраны, бар нұсқа-үлгіні көз майын сарп етіп үңіле зерттеді. Зерттеуші мынау ана дәуір, мынау мына кезең демеді, әрбір мәтінді, әрбір сөзді жеке адамнан көрі, халықпен замандас, тағдырлас деп қарады. Әрбір сөздің астарынан асыл іздеп, құм басқан Отырарды қайта тірліктен архео-логтарша өр лексеманың әуелі бір көне мағынасын, сонан соң тағы бір ауыспалы мағынасын, ұмыт болған қыры мен сырын ... осылайша өр сөздің тарихи тағдырын тұтастан-дыруға ұмтылды. Жеке-дара сөз бен сөз тіркесінің бүгінгі бізге жетпеген қаншама құпия сыры барын (қазір мәнмәтіндік деп жүрген), оларды ашуға қаншама білім мен білік, уақыт пен жігер керектігін тарихи жөне салыстырмалы ізденістермен айна-лысып жүрген жан ғана білсе керек. Мәселен, зерттеуші Р. Сыздық былай деп жазды: «Кісі өлтірген айықкер-лерге берілетін жазаның бірі — жанға жан, қанға қан» принципідегі *қан жуар* Абай тұсынан көп бұрын-ақ, тіпті Тәуке заманының кезінде-ақ қазақ қоғамында қолданылудан қалып, оның орнын басқа әкптілер басқандықтан, бұл сөздің өзі де тіл нормасынан шығып қалғанға ұқсай-ды. Өйткені Абай, Ыбырайлардан да, өткен ғасырдың II жартысындағы қазақ көркем әдебиетінің өзге үкілдері тілдерінен *қан жуар* терминін кездестірмейміз. ...Жоғарыда көрсетілгендерден басқа өткен ғасырдағы халық тілінде қазактың әдеп-ғұрпына қатысты *күн, дау, даугер, жүгініс, пендік, бітім, төре (беру), жаз, сауауат, шағым* сөздері мен *кереге тану, сойыл айыбанасы* т.б. терімді тіркестер қолданылған. Бұлардың көпшілігі Абай шығармалары тілінде жиі қолданылған. Дау сөзінің сол кездегі мағынасын *тяжба, иск* деп Н.Ильминский дәл көрсеткен, ал *даугер* — истец, Абай мен оның

нормалануын жеткізген хабаршысы еді.

Әдеби тіл нормаларының ұзақ ғасырлық даму үдерісінің жемісі екенін түсінген ғалым қазақ әдеби тілінің Абайға дейінгі терең тарихына баруды көздейді. «Бұған дейін де қазақ тілі тарихының жеке пробле-малары, белгілі бір кезең дәуірдегі қүй-қалпы, Абай мен Ыбырай сияқты қалам иелерінің әдеби тілді дамы-тудағы қызметі мен орны тәрізді мәселелер ғылыми ізденістердің, нақты талдаулардың объектісі болып келді. Сан ғасырлық тарихы бар, миллиондаған адамдарға қызмет етіп отырған, мемлекеттік тіл ста-тусына ие болған қазақ тілі сияқты ірі тілдің тұтас тарихын таныту үшін, оның белгілі кезеңдердегі қүй-қалпын сипаттау, жеке ескерткіштердің тілін талдау, функционалдық стилдерінің пайда болып, өрі қарай қалыптасуын зерттеу, жеке қаламгерлердің үлесі мен ролін көрсету сияқты жұмыс-тардан бастап, әдеби тілдің өзінгі статусын айқындау, даму кезеңдерін дәуірлерге бөлу, өр кезеңдегі даму принциптері мен бағыттарын дұрыс табу тәрізді қыруар мәселелерді шешіп алу керек болады», — деп шешкен ғалым XV-XIX ғасырлар-дағы қазақ әдеби тілінің тарихын бір бағытпен жүйелі зерттей келе, «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты қорытынды монографиясын дүниеге әкелді. Ондағы тұжырымдарды көп-шілік мойындап, қазіргі жоғары оқу орындары филология факультет-терінің «Қазақ әдеби тілі тарихы» курсына ұзақ жылдардан бері осы оқулық басты құрал болып келеді.

Әдеби тіл — өркениетті заман тудырған феномен құбылыс. Әдеби тілдің теориясының іргетасы қазақ тілі диалектологиясын мен тарихи грамматикасындағы қол жеткен нәтижелердің негізінде, тілдік мате-риалды басқаша тану мен саралауды мұрат тұтудан барып қаланады. Осы қажеттіліктерді терең меңгеру үсті-не ұлттық тілдің табиғатын тап баса-тын өрі әрбір сөздің терінін тауып, ешкімнің көзіне түспеген нәзік мағына-лық қырларын анықтай алатын зерт-теуші ғана осындай бірегей құбылыс-ты сырын аша алса керек, өріден қозғауы, сөз сырын танытын да, та-ныта да алатын қарымы болуы керек.

Рәбиға Ғалиқызының тынымсыз зерттеулері арқасында қазақ әдеби тілінің тарихы сан ғасырға тереңдеп, тамырын өріден алатынын көрсетіп берді. Асанқайғыдан бастап, Махам-бетке, Бұқарға, Дулатқа дейінгі бес ғасыр өкілдерінің бізге жеткен сөз үлгілерін әдеби мұра деп қарасты-рып, оларды әдеби тілдің әспеткі ретінде зерттеді. Бұл дәуір мұра-ларының фольклордан бөлек, әде-биеттік шығармалар екенін дәлелдей келіп: «Қысқасы, қазақта халық әдебиетінен өзге, бірақ оған әдейі ұқсас келетін профессионал өлеуітер өмір сүріп келді, оның тілі әдеби тіл санатына кіреді», — деп, бұл дәуір-лерге тиесілі мұраларды *ауызша әдеби тіл* терминімен атауды ұсын-ды. Сөйтіп, Р.Сыздық *ауызша әдеби тіл* ұғымы мен терминін ғылыми айналысқа енгізді, уақыт өте келе мұндай таным-түсінік қазақ әдеби тілі теориясының негізгі постулат-тарының біріне айналды; көпке дейін әдеби тіл деген ұғымға тиянақты анықтама берілмей келсе, енді *қазақ жазба әдеби тілі, қазақ ауыз әде-биеті тілі, қазақтың жалпыхалық-тық тілі* деген категориялар бір-бірінен ажыратылып, әрқайсысы өз алдына саралана бастады. Осылай-ша ғалымның әдеби тіл туралы ой-лары кең арналанып, қазақ әдеби тілі белгілі бір зерттеу нысаны бар, онысы көпәспектлі, әрқайсысы дер-бес, бірақ бір-бірімен сабақтасып жатқан бағыт-бағдары бар ғылым саласы ретінде нақтылана түсті. Қазақ әдеби тілі өр қырын функ-ционалдық тұрғыдан тануға болатын іргелі ғылым саласы аталып, жоғары оқу орындарындағы басты пән санатына енді, бір сөзбен түйіндей айтқанда, қазақ әдеби тілі біртұтас филологиялық проблематика дең-гейіне көтерілді. Сондықтан біз академик Р.Сыздықты *әдеби тілдің тарихи аспектісін айқындаған, қазақтың ұлттық тілдік тұл-ғалар ұғымын әдебиетте де, тілде де қалыптастырып, тұ-рақтандыраан, ауызгеі сөйлеу (халықтық) тілі мен әдеби тіл-дің айырмашылығын ашып-ажыратқан, қазақ әдеби тілінің тарихи дамуының күре жол-дарын хронологиялық тәртіп-пен түзіп берген ғалым ретінде* ерекше бағалаймыз.

Осылайша зерттеу баспадақ-тарын Абай тілінен бастап, бірте-бірте «қазақ әдеби тілі» атты үлкен ғылыми мектепті қалыптастырған ғалым әдебиет пен әдеби тілдің тарихын тереңдетудің жолын көр-сеткендей мақсатпен, жастарға үлгі болсын деген ниетпен халық тарихы мен тағдырына қатысты қос ескерт-кішті көз майын тауысып, араб қар-пінен қайта-қайта көшіріп, қазақ топырағы мен түркітануда алаш рет жариялап, бес ғасырлық тарихы бар делінген тіліміздің өткенін одан өрі



тереңнен суырпақтады. Осылайша тек қазақ тіл білімінің абыройы ғана емес, барша түркітанушы ғалымдар-дан жоғары бағасын алған моно-графияларын жариялады. Олар: «Язык Жамиғ ат-тауарих Жалири» (1989) және «Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің тілі» (2004) кітаптары.

Ал бірнеше рет басылым көрген «Сөздер сөйлейді» кітабына келсек, бұл да әдеби тіл тарихындағы сүбелі еңбек. Қалың жұртшылыққа батыр-лар жырларындағы, лиро-эпостар-дағы, ХҮ-XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ақын-жырауларының тіліндегі, бағзы мақал-мәтелдердегі мағынасы күңгірт, түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерінің мөнін ашып берген бұл зерттеу тәжірибелерін «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» десек те болғандай. Осы еңбектен екінші бірі бір кез-дері *жаушы сөзінің* бір мағынасы «құда түсетін адам» болғанын, *жер қыл-удағы жер-дің «ұят»* еке-нін, *жетім-нің «құл»* мағынасын бер-генін, «шашын дынданмен таранған» де-гендегі *дындан-ның* «піл сүйегінен жасалған қымбат, өсем тарақ еке-тін», «Еділді көріп емесен» деген-дей емсеу-дің «қатты ансау, тілеу» мағынасын бергенін, *жемсеу-дің* «жең жегісі келу» мағынасында тұр-ғаным, сондай-ақ *көрік* деп жыл-қының монғолдық тұқымын атайтын, «дүние салудағы» *салу-ды* «тастау, қалдыру» бірдіретін сияқ-ты аса қызық тілдік фактілер топта-стырылған.

Әдетте шынайы ғалымдар өзінің ізденіс бағытын сирек ауыстырады. Жоғарыда біз академик Р.Сыздықтың қазақ әдеби тілі саласын жан-жақты зерттеп, өзінше мектеп қалыпта-стырғанын айтып өттік. Десек те бұл ғалымның зерттеулері арасындағы жалғыз-дара бағыт емес. Сірә, ұлт-тық атаулыға тұсау салған кешегі заман аға ғалыммыздың тарихи зерттеулеріне аса қолдау көрсетіп, құлық танытпаса керек. Барша саналы ғұмырын бір-ақ мекемеде, қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қабырғасында өткізген зерттеуші осы қара шаңы-рақта тіл білімінің тағы бір өзекті саласы — *тіл мәдениеті* мен жос-парлы жұмыс ретінде қаз жылдар жан-жақты айналысты: орфография мен орфоэпия, нормалану мен варианттылық, тіл тазалығы мен стилистика... міне, осы саладағы ғалым қаламынан дүниеге келген кітап пен сөздіктердің өзі отыздан (!) асып жығылады. «Қазақ орфогра-фиясы мен пунктуациясы жөнінде анықтағыш» (1960, 1974, 1994, 2000), «Сөз сазы» (1983, 1995, 2000), «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) және басқа кітаптары мен сөздік-анықтамалықтары қазақ то-пырағындағы тұңғыш та өрі әлі қол-даныстағы бірден-бір қажетті еңбек-тер.

Қалыптану, яғни кодификациялану, норма мәселесі, кеңірек аясақ, жазу мен емле қашанда бүгінгі күннің, қазіргі заманның қабырғалы пробле-малары. Мәселен, бір еңбегінде профессор Р.Сыздық былай деп жазған болатын: «Тіл мәдениеті деп нені танымыз? Тіл мәдениеті дегеніміз — тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Тіл мәде-ниеті дегеніміз — сөздерді *дұрыс, орнымен қолдану* (лексикалық), *дұрыс құрастыру* (синтаксис-тік), *дұрыс қиюластыру* (морфо-логиялық), *дұрыс дыбыстау* (ор-фоэпиялық), *сауатты жазу* (орфо-графиялық), *тілді өсерлі етіп жұмсау* (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру». Өзі санамалағандай, осы саланың бәрінде ғалым апамыз білек сыбана еңбек етіп келеді.

Қажырлы еңбегімен уақыт тезіне төтеп беріп, аузынан уәлі сөзі, қолынан құнарлы қаламы түспеген Рәбиға апай кеңес кезінің жақсы-лығын да, жаманшылығын да бір адамдай көрді. Өкесі сонау 1937-нің қандай жылдарының құрбаны болды. Сол себеп пе, ғалым аға ұрпақ алдындағы парызын да адал атқарып келеді... Оның Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов туралы кітаптары, Х.Досмұхамедов еңбегін құрастыруы, олардың мұрасын өр-

дайым насихаттап жүруге уақыт табуы да біз үшін үлкен өнеге.

Өріне, өзіне ұстаз тұтқан өзін жан туралы жақсы тілек, жылы сөзді айтудай-ақ айтуға болады. Бір шағын мақалада академик Рәбиға апайдың бар еңбегі емес, бір кітабын талдап шығудың өзі оңай емес. Ең бастысы — қазақ ғылымы мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосып, ұлттық руха-ны саяхатында өз орны бар Рәкең: «Жақында жыл ортасында бітірген «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» деген кітабын шығады. Өзіме ұнайды. Сірә, жаман кітап болмас!» — деп бір желпініп алып, тағы бір жаңа еңбегін жазу үстінде... Академиктің қаламынан шыққан ол кітаптың жолы да жарқын боларына сенім мол. Жазар көбейсін!..

Сөзіміздің соңында, қазақ тілінің көшбасшыларының бірі, ана тілінің айбары мен қорғаны болып отырған Абыз-Ана Рәбиға Ғалиқызын мерей-тойымен құттықтап, бар жақсы-лықты тілейміз! Азғантай сөзімізді өйгілі Қасым ақынның Өзіңізге арнайы арнаған тілгеімен аяқта-ғымыз келеді: «Болса екен Сіз-дей қазақтың өр кызы!...»

- ӨМІР БІЛГЕСІ**
- Сыздықова Рәбиға Сәтіғалиқызы 1924 жылғы тамыз айының 17 күні Ақтөбе облысының Ойыл қалашығында дүниеге келді.
- 1931–1938 жж.** Орта мектепте оқыды.
- 1938–1940 жж.** Ақтөбе облысы-ның Темір қаласындағы педучи-лищедә оқыды.
- 1940–1945 жж.** Ақтөбе облысы-ның Алға стансасында бастауыш класс мұғалімі, Темір қаласында орта мектептің мұғалімі, Темір қаласын-дағы педучилищенің оқытушысы, №6 орта мектептің оқу ісі меңгерушісі. Ақтөбе қаласындағы
- 1945 ж.** 1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектегі ерлігі үшін медалмен марапатталды.
- 1945–1947 жж.** Абай атындағы Қазақ педагогика институтының студенті.
- 1947–1951 жж.** ҚазПИ-де аспирантурада оқыды.
- 1951–1957 жж.** Қазақтың оқу-педагогтік баспасында («Мектеп», «Рауан») редактор және редакция меңгерушісі болып қызмет істеді.
- 1957–1961 жж.** Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет инсти-тутының кіші ғылыми қызметкері (Осы жылдардан бастап табан аудармай Тіл білімі институтында түрлі дәрежеде қызмет атқарып келеді).
- 1959 ж.** «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссер-тация қорғады.
- 1971 ж.** «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды (21 шілде).
- «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссер-тация қорғады (25 мамыр).
- 1979 ж.** Қазақ ССР Ғылым акаде-миясының корреспондент мүшесі болып сайланды (26 сәуір).
- 1981 ж.** Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кеңесінің 26 мамырдағы қаулы-сымен Қазақ КСР-інің Құрметті Алтын кітабына жазылды.
- 1984 ж.** Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағы берілді (25 шілде).
- 1989 ж.** Түркі тілдері мамандығы бойынша профессор атағы берілді (профессорлық аттестат ПР №017637, 8 желтоқсан).
- 1995 ж.** «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты монографиясы үшін ҚР ҰҒА-ның Шоқан Уәлиханов атын-дағы сыйлықтың лауреаты атағы берілді.
- 1996 ж.** Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі жұмыс-тар циклі үшін Қазақстан Республика-сының Мемлекеттік сыйлығын алды.
- 2017 ж. Түркі академиясы халық-аралық ұйымының (TWESCO) түрк-ология ғылымына сүбелі үлес қос-қаны үшін арнайы медальмен мара-патталды.

Бағдан МОМЫНОВА, әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1415 Келемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу саласы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

КҮЗ. КӨҢІЛ-КҮЙ ЖАСТАРҒА ЖАЛДАМАЛЫ ПӘТЕР

Осы күздің аспаны жылауық тым, Сөл жымиса қайтеді бірауық Күн. Көз жасыңды қайтсын ел... Боқтайды кеп, құлаған мас шетіне бір арықтың.

Ұйқы қашып, мөңгірсе бір басыңыз, Ұзақ түнге терезе — сырласыңыз. Өршелене оны да сабалайды Өлденеге ызалы ұрғашы-қуз.

Неге сонша жылайды, (түспал ма екен?...)
Бағын өлде байлады, іштар бөтен.
Әлде бөрі бір күнде кетіп қалып
Кеулің өбден босатқан құстар ма екен?

Жаңбыр ғана шаяр деп мына шерді,
Содан ақыл берді ме, мұң өсерлі.
...Мені-дағы көп достар сатып кетті,
Өлгем жоқ қой, (жылағам, рас, енді...).

Мөлдір бұлттан пәренжі жамылды Ай да,
Шаршады ғой... аспан сәп дамылдай ма?
"Жылама енді, сүрткің деп, көз жасыңды"
Ақыл айтар күзге ешкім табылмай ма?

Мен-ақ ақыл айтар ем, түсің, бірақ...
Біреу алып кеткендей күшімді нақ.
Айқайлаймын, дауысым шығар емес,
Түр, өйткені, менің де ішім жылап.

Көңілдің көп бояуы оңар шерден,
Бізге-дағы көп адам болар сенген.
Сол сенімнен шығайық, жылама, Қуз,
...Алдыменен сен тоқта, содан соң мен.

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

2022 жылдан еліміздің басқа да өңірлерінің жұмысшы жастарына жалдамалы пәтер салынады.

Бұл туралы кеше Мәжілістегі Үкімет сағатында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев айтты.

«2019 жылы 3 000 пәтер Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жұмыс істейтін жастарға 5 жыл мерзімге жалға берілетін болады. Болжанған жалдау ақысы 15 мың теңгеден аспайды. Ал, тұрғын үй алаңы кемінде 40 шаршы метр. Нұр-Сұлтан қаласында пәтерлерге құжаттар қабылдау басталды. Алматы қаласы бойынша 200-ден аса өтінім түскен. Алдағы 3 жыл ішінде осындай 9 мың пәтер беріледі», - деді министр. Осы ретте Дәурен Абаев бұл жүзеге асырылып жатқан шараларға қарап, жастарымыз баспана алу үшін Нұр-Сұлтан, Алматы немесе Шымкентке жаппай көшу керек екен деп түсінбеуі керектігін баса айтты. «Сондықтан да, мұндай пәтерді алу шартының бірі – соңғы 2 жылда сол қалада тұрақты тұру керек. Сонымен бірге, егер сіздер қолдасаныздар, жастарға арналған жалға берілетін баспананы еліміздің басқа да өңірлерінде 2022 жылдан бастап салу мәселесін көтеруге болады», - деді ол.

ВОЛОНТЕР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА 7 ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ
«Бүгінде республика бойынша 200-ден астам волонтерлік ұйымы жұмыс істейді. Волонтерлік қозғалыспен 50 мыңнан астам адам қамтылды. Өздеріңіз білетіндей, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылды «Волонтер жылы» деп жариялады. Іс жүзінде, ол Жастар жылының қисынды жалғасы болады және ол қоғамның ресурстары мен жасампаз энергиясына сүйенетін Жастар бастамаларын да дамытуға бағытталатын болады», - деді ол. Осыған орай министрдің айтуынша, ең алдымен нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қолға алынады. «Қазір біз волонтердің жұмыс тәжірибесін еңбек өтіліне қосу және жоғары оқу орындарына, колледждерге түсу кезінде волонтерлік қызметті есепке алу мүмкіндігін қарастырамыз», - деді Д.Абаев. Екіншіден оның сөзіне қарағанда, барлық өңірлерде «Біргеміз» жалпы тұжырымдамасының негізінде 7

жалпыұлттық жоба аясында Волонтерлік қызметті қолдау орталықтары құрылатын болады. «Бұл жерде қандай жобалар бойынша сөз болып отыр? Мысалы, «Білім» жобасы бойынша ауылдық мектептердің жоғары сынып оқушыларына ҰБТ-ға дайындық, ағылшын тілі мен компьютерлік сауаттылыққа оқыту бойынша волонтерлік көмек ұйымдастырылады. «Сабақтастық» жобасы бойынша волонтерлер балалар үйлерінің балаларына қамқорлық жасайды. Сонымен қатар медициналық «Саулық», қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Таза өлем», бұл волонтерлерді материалдық және рухани мәдени-тарихи мұраны сақтауға тартуға бағытталған «Асыл мұра», қарттар үйлеріндегі жұмысқа бағытталған «Қамқор» және волонтерлерді хабар-ошарсыз кеткендерді іздеуге тартуға бағытталған «Үміт» жобасы жүзеге асырылады», - деді Д.Абаев. Оның айтуынша, аталған жобаларға шағын гранттар бөлу көзделген. «Үшіншіден, аталған жобалар бойынша нақты жергілікті міндеттерді шешуге бағытталатын 300 мың теңгеге дейін шағын гранттар бөлу көзделеді. Барлығы 420-ға жуық шағын грантқа қолдау көрсетіледі. Төртіншіден, корпоративтік волонтерлікті одан әрі дамыту үшін бизнес-секторды белсенді тарту жоспарланады. Бүкіл өлемде бұл феномен мейстримге айналған. Біздің елде волонтерліктің мұндай түрі өзирге өте танымал емес, бірақ атап өтуге лайықты жекелеген мысалдар бар», - деді ол. Осы арада Дәурен Абаев Vi-group құрылыс компаниясы мүгедек балаларды әлеуметтендіру бойынша жұмыс жүргізіп, түрлі фестивалдар, спорттық марафондар ұйымдастыратындығын, күрделі медициналық операцияларды өткізуге материалдық көмек көрсететіндігін, ауыл оқушылары арасында олимпиадалар өткізетіндігін мысалға келтірді. «Волонтерлік қызмет саласында, оның ішінде БҰҰ волонтерлер бағдарламасын қоса алғанда, интернационалдық құрылымдардың жұмысына белсенді қатысу жолымен халықаралық ынтымақтастық дамитын болады. Өздеріңіз білесіздер, келесі жылы Жеңіс күні тойланады. Соның аясында ресейлік тараппен де бірге жобаларды жүзеге асыруға болады», - деді Дәурен Абаев.

«АЛТЫН АДАМ» АФИНАДАҒЫ КӨРМЕГЕ ҚОЙЫЛАДЫ

Грекияның астанасы Афина қаласындағы Эпиграфиялық музейде ҚР Ұлттық музейі 11 қараша күні жергілікті уақыт бойынша сағат 17.00-де «Ұлы дала: тарих және мәдениет» көрмесін ашды.

Көрме «Алтын адамның өлем музейіне шеруі» халықаралық көрме жобасы аясында 2019 жылғы 11 қарашадан 11 желтоқсанға дейін жалғасады. Көрменің мақсаты – Қазақстанның тарихи-мәдени бай мұрасымен шетелдік көрерменді таныстыру. Көрмеге Қазақстан Республикасының символы саналатын «Алтын адам» қойылады.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚАНҚАЙ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ БАР?

1. Медициналық қызмет үшін шығын азаяды;
2. Сақтандыруы қымбат операциялар, диагностика және емдеуге кететін шығындарды өтейді;
3. Медициналық көмек сақтандырылған азаматтың жарна мөлшеріне тәуелді емес;
4. Дәрігердің бағыттауымен сізді Қормен келісім – шарты бар клиника қабылдайды;
5. Медициналық көмектің сапасы жақсарып, қолжетімділігі артады; МӘМС пакеті (сақтандырылғандар үшін)
- Консультативтік дәрігерлік көмек;
- ТМКК пакетінен тыс ауруларды амбулаторлық дәрі – дермектермен қамтамасыз ету;
- ТМКК пакетінен тыс аурулар кезінде стационарды алмастыратын көмек;
- ТМКК пакетінен тыс аурулар кезінде жоспарлы стационарлық көмек;
- ДСМ бекіткен тізім бойынша ересектермен балаларға арналған медициналық оңалту;
- ТМКК – нің жаңа моделі
- Барлық азаматтар, оралмандар, ҚР тұрғылықты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар үшін:
- Жедел жәрдем және санитарлық авиация;
- Алғашқы медициналық – санитарлық көмек;
- Шұғыл және жоспарлы стационарды алмастыратын және стационарлық көмек (ҚР ДСМ бекіткен тізім бойынша);
- Паллиативтік көмек;
- Консультативтік – диагностикалық көмек;
- Амбулаторлық дәрі – дермекпен қамтамасыз ету;
- Туберкулез дерті кезіндегі медициналық оңалту.

БЫРҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМ
Республикалық маңызы бар қалалар үшін АЕК Басқа елді мекендер үшін 0,5 АЕК БЖТ табыс табу үшін формалды емес кәсібін жүргізіп отырған жеке тұлғаларға, жалдамалы жұмыс күшін пайдаланбай дара айналысатын, қызмет көрсететін басқа жеке тұлғаларға, қосалқы шаруашылығын жүргізіп отырғандарға үй жұмыскерлеріне арналған.

2019 жыл	БЖТ	ЖТС(10%)	ӨТ(20%)	МЗЖ (30%)	МӘМС(40%)
1 АЕК	2 525	252,5	505	758	1 010
0,5 АЕК	1 263	126,3	252	379	505

АУДАРЫМДАР МЕН ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙМІЗ.

Мемлекет – уәкілетті орган айқындайтын, ағымдағы қаржы жылының алдындағы 2 жылдағы орташа айлық жалақы мемлекеттің жарналарын есептеу объектісі.

Кезең	2019 жыл	2020 жыл
Жұмыс берушілер	1,5%	2%
ЖЖ, ШҚ, жеке іс – тәрбиесі	0%	1,4 ЕТЖ 5%-ы
АҚШ бойынша жұмыс жасайтын тұлғалар үшін	0%	Табыстың 1%-ы
Жалдамалы жұмысшылар	0%	Табыстың 1%-ы
Мемлекет	0%	1,4%
Өзге тұлғалар	0%	1 ЕТЖ 5%-ы

Мемлекет тарапынан сақтандырылатын жеңілдігі бар азаматтардың санаты.

- Балалар;
- Жұмыссыз ретінде ресми тіркелген аламдар;
- Жұмыс істемейтін жұкті өйледер;
- Үш жасқа толмаған бала (балалар) тәрбиесімен айналысатын жұмыс істемейтін азаматтар;
- Бала (балалар) туу немесе жаңа туған сәбиді (сәбилерді) асырап алуға байланысты, баласы (балалары) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыс алған адамдар;
- Мүгедек бала күтімімен айналысатын жұмыс істемейтін азаматтар;
- Зейнеткерлер, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
- Сот үкімі бойынша қылмыстық – атқару (пенитенциарлық) мекемелерінде жазасын өтеп жатқандар;
- Тергеу изоляторларында отырғандар;
- Жұмыс істемейтін оралмандар;
- «Алтын алқа» , «Күміс алқа» алқаларымен немесе бұрын «Батыр ана» 1және 2 дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;
- Мүгедектер;
- Орта, кәсіптік – техникалық, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай – ақ жоғары оқу орынын кейінгі білім беру ұйымдарында іштей оқып жатқан тұлғалар;
- Бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адам;
- Мемлекеттік атаулы көмектің көмегі алушы жұмыс істемейтіндер үшін ҚР бюджет заңнамасында айқындалатын тәртіппен ай сайын ағымдағы айдың алғашқы 5 жұмыс күні ішінде төленеді.

А.ТІЛЕПБЕРГЕНОВА,
Ойыл аудандық орталық ауруханасының СӨСҚ маманы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл ауданы, Қубасай ауылы, Бисенғалиева Ұйтолған Асауқызы. (07.11.1948ж - 12.11.2018ж)

Ауялы ана, ардақты өжеміз Ұйтолған, Бисенғалиева көзі тірі болса 7 қарашада 71 жасқа толар еді... Анамызды сағына еске ала отырып, топырағын торқа, жаңы жәннатта нұрланысын деп Алладан тілейміз! Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабын. Жатқан шығар, рухыңменен қауышып. Ана, көзден кеттіңіз мәңгі жырақтап, Сенбей сізді көп іздедік біз жылап. Кетіспіз ғой бұл өмірден мәңгі ге, О дүниені мекен қылып тұрақтап. Топырағың торқа болсын жан анам. Орын берсін Аллам саған жұмақтан. Қорғап қолдап аурағыңмен ұрпағыңды, Сақтай көрші Аллам өзің жаратқан!!!
Еске алушылар: жолдасы Жалғасбай, балалары, немерелері.



Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Төжібәева Сараның ауялы анасы

Марияның қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Базарова Айгүлдің

ауялы қызының қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

АШУДЫ ӘНМЕН ТАРҚАТҚАН

Біз ферма клубында концерт қойып келсек, түскен үйіміздің төрінде, айналасына қыл-қыбырғын ыбырсытып, ұршық үйіріп бір кемпір отыр. Көзіне киген көзілдірігінің бір өйнегі бар, екінші өйнегі жоқ. Сондай жағдайда атыс-атыс қараған кейуана-ның, улап-шулап кірген бізді жаратпай қалғанын тез сезіп, жым болдық. Манағы концертке дейін көңілді жүріп шай берген отағасы мен оның келіншегі де басылып қалыпты, өлдебіреуден именіп, төменшектен жүрген сияқты. Соларға оқты көзімен ата бір қарап алды да, кейуана бізге қарата: — Қазір тамақ асылып жатыр. Соны жегесін аттанып кетесіздер. Қонуға ұлысқат жаз. Бойжеткен екі қыз бағып отырмыз. Артистердің жағдайы бізге белгілі, шырақтарым! — деді зіпді түрде.

Өженің қонаққа наразылығының, жақтырмай қарауының менісін енді түсіндім. Әуелі шарасыздығымыз еске түсіп, әсіреуіміз сөз айта алмай қалдық. Себебі біз бұл ауылға үш автоклуб көлігіне тиіліп келген едік. Ол жылдары аудандан шыққан мұндай ақпараттық үгіт-насихат пойызы аталатын топты қонақүй дегенді білмейтін ауылдар өр үйге осылай бөліп түсіретін-ді. Меніңше, қазірде де солай. Осындай дағдыға үйренген бізге бүгінгі мына жағдай тым тосын және күтпеген жерден болды. Жеті қарағыз түнде тобымыздан бөлініп, қайда бармақпыз? Жолға жиналуға енді кеш қалдық. Ол үшін мана басшыларымызға айтып, ерте қамда-нуымыз керек еді. Қандай жағдай айтысақ та кейуананың көңбейтіні және белгілі болды. Ол кісіні де түсінуге болады, қонағасы бермей-мін деп тамақ қызғанып отырған жоқ, тек қонуға ұлысқаты жоқ, дәлелі өлгіңдей. Қыз қорыған кемпірді тоқ-тататын қандай сөз бар. Соны тап-қандай болып ішіміздегі бойдақ жігіт: — Әже, көріп отырсыз, біздің қыздарымыз жанымызда, өзгенің қыз-қырқынына көз салмаймыз, — деп еді, бұған үлкен кісі тіпті қатты ашуланып, ас-су қамымен жүрген келініне: «Тамағыңды тездетіп, қонақтарыңнан күтпел!» — деп шүйлікті. Бұған баласы да, шешесінің бір алған бағытынан қайтпайтынын білетін болар: «Бір айттың, болды ғой енді. Жүрең жерлері өн-дұман бұл адамдар сенің үйіңе төсек са-лып жата да қоймас, қонақасыларын жеуге мұрша бер?» — деп, айнала отырғандарға кеңшілік бере қарады.

Үй иесінің ыңғайын іштей аңғарған қонақтар жайлана түсті. Мұндайда түскен үйдің қолқалайтыны артис-терден өн ғой. Сол ретпен, жас жігіт болғанмен, сол кездің өзінде облыс-тық, республикалық өн байқауларына қатысып жүлде алып, Ойылдың атақ-ты өншісіне айналған Амангелді Жұманов домбырасын қолға алып, «Көкжарда шай құяды Гүлжан, Сара» деп бір әнді бастап кетті. Одан нақы-шына келтіріп Ғарифолланың өндерін шырақды. Домбыраның бұрауына тағы бір көтеріп «Ойкек» түскенде, манадан түйіліп отырған өжеміз көзілдірігін шешіп, «Ау, мынау Қызыл-дың өні ғой!» деп жібігендей болды. Кемпірдің ажарын бұзып тұрған жалғыз өйнекті көзілдірігі екен, тап қазір жүзі нұрланып, өзге адам құсал көрінді. Тіпті отырғанның бірі: «Түсі ішкен туңіліме» деген, өжеміз жаман адам сияқты емес», — деп қалды. Бұл кезде өнші, үлкен кісінің жанын баурайтын өн өуенін сезе қойып, Қызылдың «Сары ирегі» мен «Қызыл ирегіне» көшкен-ді. Жанына жағатын өнге деп түскен екен, өн аяқталғанда өжеміз алдындағы ұршықты өрірек атып жіберді...

Өн үстінде алқаның көңіл күйін түгел бақылап отыратын Әбекең енді Мұхиттың биік даусымен айтылатын «Үлкен айдай», «Кіші айдайына» ауысты. Қазақта жүйрікті қыспа

деген де сөз бар ғой, менің байқауым-ша, бұл өнші де бір-екі өнмен шекте-летіп сахнадан гөрі, осындай еркін отырыста, таңды таңға ұрып шырқа-ғанды жаны қалайтынын білетінбіз. Бұл жолы да уақыт озып, бір өннен екінші өнге, сар желісті термелерге ауысқан сайын делебесі қозып, дауысы ашылып, нағыз бабына келе түсті. Бебеулеген домбырасына кең тынысты, ұнамды дауысы үйлесіп, шабыт қанатында қозғалақтап, мал-дас құрып отырған күйі орнынан жылжып бара жатқанын сезбей қала-тынды. Арқалы өншінің құлақтан кіріп бойды алар өнімен бірге, осынау шабытты шағының өзі де тыңдау-шының есін шығарып, өзіне біржолата бағындырып тартып алғандай еді.

Үй иесі үлкен ас келгенше, қонақ-тарына қазаннан жаңа түскен құй-рық-бауырды тез өзіндетіп алда-рынан жағалатып өткенде, қалған өнерлі топ та көңілденіп, бас өншіден соң, бірінен-бірі бөсекке түскендей, бар өнерлерін ортаға аянбай салды. Мына отырыстағы дұманға қараған-да, манағы кешкі болған клуб-тағы қонақтар жолда қалғандай еді.

Қызықпен уақыт ұзай беріпті. Былқыр піскен марқаның еті екі табалқа жасалып, өнерлі қауымның алдына тартылғанда, маусымның қысқа таңы да сібірлеп атып келе жатты. Бұл кезде өже де манағыдай емес, қонақтарға түгел құшағын ашып өлжіреп, тілегін төгітіп, мүше толы табалқты бастап берді. Осындай құрмет көрген біз, ауыл-дан аттанар сәтте, басымыз жасты-ққа тімемгенмен, ұйқысы қанық адамдай көңілді едік, шырықты жайсыз хабар бұзды. Түндегі біз болған үйдің екі қызының бірі орынында жоқ болып шықты. Жүр-гелі жатырған автоклубтарға түгел тінту жүргізілді — қыз табылмай. Сөйткенше, екінші хабар жетті — қызды көрші үйдің бозбаласы кіргізіп алыпты. Бұрыннан келісімдері бар екен. Ауылда мұндай жағдай бола береді, бірақ айыпты біз болып қалдық. Себебі Амангелді өнші түнде осы өңірде гашығына қосыла алмай шерлі болып өткен баяғы Қайып ақынның «Ақбөбек» өнін көп шырқап еді. Есті адамдар екі жастың қосылуын тездетуге сол өн қозғау салса керек десті. Ол да, мүмкін, Амангелді өн салғанда сезімсізді сездіңдіріп, сезімдіні ұшқалақтандырып жіберетіні де рас еді. Біздің қинал-ғанмыз, өженің бастапқы қауіпінің аумап келгені. Бірақ бұған үлкендер жағы: «Әже режімісе керек, қыз бізбен бірге кеткен жоқ, ауылда қалды ғой», — деп басу айтты.

ҒАРИФОЛЛАНЫҢ ЫҚЫЛАСЫ
Біреу жылдықтың шамасында Қан-дыағаш қаласында жетпіске толған ағамыздың мерейтойында Амангелді өн шырқаған кезде, менің ойыма ілгеріректе өншімен бірге жүрген кезімдегі жоғарыдағы оқиға оралды. Әбекең бұл жолы сыйлас досының тойына Ойылдан домбырасын арқа-лап арнайы келген екен. Мерейтойға жиналған үш жүз адамның алдында :
Айдынына Ойылдың қаз қонатын, Қалжың айтсам, жеңешем

мез болатын. Ойнайық та күлейік жәрмеңкеде Жәрмеңкесі Ойылдың аз зана күн — деп, Қызыл Тұрдалыұлының өнін, өу деп шырқағанда, риза болғаны сондай, қонақтар тұс-тұстан ақша-сын ала жүгірді. Талай тойларда өн салған жүлдыздарды көріп жүрміз ғой, бірақ солардың ішінен осы және бір өншіге тыңдармандар тарапынан көрсетілген ерекше ықпалас есімде қалды. Соның бірі — өрігеректе Акте-бедегі бір тойда, жұрт жалғып шар-шап отырған кезде, қайдан, қалай келгені білмеймін, сап етіп жас өнші Өмірқұл Айниязов келіп өн салды. Өншінің көпшілікті баурағаны сондай, елдің есі шығып кеткендей болып,

топ-тобымен сыйлықтарын ала жүгірді. Ықыластың шектен шығып бара жатқанына ыңғайсызданған сыпайы өнші «бар ақшаны жинап өкетті деген сөзге қалармын» деп қарсылық көрсетті. Өрине, талай шаршы топты көрген байырғы өнші Әбекең елдің ықпалынан қайыр-май, илтипатына жаңа өнмен еселеп жауап берді. Шетте жүріп, өн айт-қанын көптен көргенім жоқ еді. Дауысы сол күйінде, тіпті бұрынғыдан күшейген сынды көрінді маған. Жасы жетпістен шығып кетсе де, даусында еш жарқыншақ жоқ. Өнші баяғы бабында екен. Рызашылық көрсеткен өлгі топтың легіне біз де қосылдық-ау деймін, қазақ атап айтқан «Оң қолыңның бергенін сол қолың біл-месін» деп, есімде жоқ... Бірақ өнім де, өзін де сағынған көзкөрген ағамен осы жолы жарты ғасыр артта қалған күндерді еске алып, өңгімелескеніміз көңілдіме сайрап тұр.

— Төртінші класс оқып жүрәнде сәлдім өнді. Бесінші оқығанда көдімәдей той-томалақтарда айта беретін дәрежеге жеттім. Жеті бірінсің оқуды қойдым. Ол кезде жеті бітірсең болды ғой. Сол жылы шешем қайтыс болды. Нағашы шешем мен өкем қалды қолымда. Нағашы шешем жетпістен асқан, өкем де егде тартқан. Алпысыншы жылы Ойылдың орталығындағы қыз үйдің сүйегін жасайтын шебер-ханаға ағаш шебері болып кірдім. Бұл көсіпорын Байсұлтан Еңсеенов басшылық жасайтын селолық сауда жүйесіне қарайтын, тікелей бас-шы өміріс Жұмашев еді. Содан өкіш жыл жұмыс жасадым. Алпыс үшінші жылы Ойыл ауданы тарап, Қобдаға қосылды. МТС-тың қол астындағы дәірменде жұмыс істеп жүрдім. 1965 жылы қаңтарда аудан қайта құрылды. Шілденің екінші күні аудан-дық мәдениет бөлімінің басшысы Сахи Жақыпбеков автоклуб меңгеру-шілігіне бұйрық берді. Содан кешегі 2012 жылға дейін сол мәдениет саласында табан аудармай 47 жыл қызмет істедім. Менің тарихым — осы, — дейді өткен күндеріне көз жіберіп өнші.

Облыстық, республикалық өнер байқауларында дүлдүл өнші атанған Амангелді Рамазанұлың кезінде «Қазақконцерт» жұмысқа шақырып, қалса салған. Республикалық өнер оқу орындары да өздеріне оқуға шақырып, ұсыныс жасаған. Бірақ соның бәрінде де отбасындағы жалғыз бала болғасын өкесі ерте үйлендіріп, ұлысқат бермей қойған.

Ерекше таланты бола тұра, кезінде Астана барып өнер жолын қуа алмағанына өншінің өкінетіні өңгіме-сінен де аңғарылады.
— 1968 жылы Ойылға атақты өнші Ғарифолла Құрманғалиев келді. Аудандық басшылық өншінің қасында еріп жүруге мені бөлген еді. Алайда, не себеп болды білмеймін, мәдениет бөлімі ішешуші сәтте мені қоспай қойды. Содан Ғарекең «Жетікөл» кеңшарында концерт қояды, одан өрі туған жері Қаратабеге кетеді» деп естідім. Ең болмағанда, атақты өншіні бір көріп, жалғыып қалайын деп, досым Өмір Жұбаевтың мото-цикліне мінісеп, тоқсан шақырым жердегі ауылға тарттым. Әншімен кеңшар директоры Отар Қлипанов ааының үйінде кездестім. Жанында облыстық филармонияның көркем-дік жетекшісі Жалғас бар екен, ол мені бұрыннан таниды.

Сол «Ғареке, мына бала осы жер-ді. Осы өңірде сіздің өнеріңізді жалаастырушы. Өзіңізді қуып келіп тұр. Автоклуб меңгерушісі», — деді. Сөзге келген жоқ, Ғарекең домбыра-сын ұсынды. Домбырасы да айтсаң айт деп тұр екен. Менде домбыра жоқ болатын. Мотоциклге мінісеп келіп тұрған адамның қой...
— Аға, — дедім. — Сіздің өлеңіңізді



пластинкадан үйрендім. Біреуден сабақ алғаным жоқ. Қағысыңызды да, өніңізді де солай алдым.

Содан Ғарекеңнің бір өнін салдым. Отырған жұртты баса-көктеп: «Айна-лайынбар-ай, бар екенсіңдер ғой, бар екенсіңдер ғой!» деп ұмтылып, құшақ-тай алды. Жұрт шай ішіп отыр, мен столда отырып тағы бірнеше өн орындадым. Содан Ғарекең: — Ал, айналайын, өңімеңі қой, маған ересің, ештеңеге алаңдама, ақша да, күім де, тіпті өзге жағ-дайың да табылады», — деді.

Ғарекең өлгіндей деп тұрғасын, ешкімге үндемей осы бетімнен кете берейін деп бекінгенмін. Келесі күні Қаратабег менен шектесетін Жақсы-көлде өншіге қонақасы беретін бол-ды. Бірге еріп кеттім. Қонақасы біраз-ға созылды. Киіз үйге негізінен ауыл-дың ақсақ